

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



«Педагогика» кафедрасының 60 жылдығына арналған «ЗАМАНАУИ  
ҚОҒАМ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ» тақырыбындағы  
халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының  
ЖИНАҒЫ

22-сәуір, 2022 ж.

СБОРНИК

материалов Международной научно-практической конференции  
посвященной 60-летию кафедры «Педагогика» на тему: «СОВРЕМЕННОЕ  
ОБЩЕСТВО И ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ»

22-апреля, 2022 г.

COLLECTION

of materials International scientific and practical conference dedicated to the 60th  
anniversary of the department «Pedagogy» on the topic: «MODERN SOCIETY AND  
PEDAGOGICAL EDUCATION»

22-April, 2022 y.



Нұр-Сұлтан, 2022

**ӘОЖ 37.0**

**КБЖ 74.00**

**II 23**

**Редакция алқасы:**

**Д.Қамзабек** - фил.ғ.д., профессор, Басқарма мүшесі - әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор, **Б.Ж.Сомжүрек** - «Әлеуметтік ғылымдар» факультетінің деканы, **М.П.Асылбекова** - «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор м.а.; **Р.К.Төлеубекова** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Қ.Шалғынбаева** - п.ғ.д., профессор; **Г.Қ.Длиббетова** -п.ғ.д., профессор; **Б.П.Сейтқазы** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Т.Атемова** - п.ғ.д., профессор; **Г.К.Шолпанқұлова** - п.ғ.к., профессор м.а., **Г.Т.Уразбаева** -п.ғ.д., профессор м.а.; **С.С.Байсарина** -п.ғ.к., доцент; **Байменова Б.С.** - п.ғ.к., доцент; **Ботабаева Ә.Е.** - п.ғ.к., доцент; **Т.С.Слаббекова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Н.П.Албытова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Балтабаева Ж.Б.** - магистр.

ISBN 978-601-337-659-2

Жинақта Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Педагогика» кафедрасының 60 жылдығына арналған «**ЗАМАНАУИ ҚОҒАМ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ**» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының Пленарлық мәжілісінде және «Білім беру мегатрендтері және олардың педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамытуға әсері», «Қазақстандық педагогика болашақтың педагогтарын даярлаудың негізі ретінде», «Педагогикалық іс-әрекеттегі коллаборация бірыңғай білім беру кеңістігін дамыту ресурсы ретінде» деп аталатын секция жұмыстары бойынша тыңдалған баяндамалар қамтылды. -821бет.

ОӘЖ 37.0  
КБЖ 74.00

ISBN978-601-337-659-2

## МЕКТЕПТЕГІ БУЛЛИНГТІҢ АЛДЫН АЛУҒА БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЕРДІ ДАЯРЛАУДЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

**Баймуханова Айжан Жакыпқызы**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Нұр-Сұлтан қ.

E-mail: [aizhan\\_baimukhanova@mail.ru](mailto:aizhan_baimukhanova@mail.ru)

**Аннотация.** Проблема профилактики насилия в организациях образования очень актуальна во многих странах и в Казахстане. Одним из важнейших направлений деятельности всех школ является не только воспитание и обучение подрастающего поколения, но и сохранение и укрепление здоровья учащихся. Организации образования должны обеспечивать физическую и эмоционально безопасную учебную среду для всех учащихся. Важно подготовить будущего педагога-психолога к профилактике школьного буллинга. В связи с распространением буллинга в образовательной среде, школа показывает, что учителя не готовы работать с явлением буллинга, у них нет конкретных компетенций и инструментов решения проблем. Это позволит более подробно изучить явление буллинга, способы и методы профилактики в школе, если внимание будет уделено подготовке будущих специалистов.

**Ключевые слова:** школьный буллинг, профилактика буллинга, будущий педагог-психолог, насилие, учебный процесс.

**Abstract.** The problem of preventing violence in educational organizations is very relevant in many countries and in Kazakhstan. One of the most important activities of all schools is not only the education and training of the younger generation, but also the preservation and promotion of student health. Education organizations must provide a physical and emotionally safe learning environment for all students. It is important to prepare the future teacher-psychologist for the prevention of school bullying. Due to the spread of bullying in the educational environment, the school shows that teachers are not ready to work with the phenomenon of bullying, they do not have specific competencies and tools for solving problems. This will allow a more detailed study of the phenomenon of bullying, methods and methods of prevention at school, if attention is paid to the training of future specialists.

**Key words:** school bullying, bullying prevention, future teacher-psychologist, violence, educational process.

Білім беру ұйымдарындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселесі көптеген елдерде және Қазақстанда да өте өзекті. Барлық мектептердің қызметінің маңызды бағыттарының бірі өскелең ұрпаққа тәрбие беру мен оқыту ғана емес, сонымен қатар оқушылардың денсаулығын сақтау және нығайту болып табылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2021 жылдың қаңтарында VII шақырылған Қазақстан Республикасы Парламентінің бірінші сессиясының ашылуында балалардың құқықтарын қорғау, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қорлаудың алдын алу мәселелері бойынша шешімдер қабылдау үшін шаралар қабылдау қажет екенін айтқан болатын. Ал оның алдында Мемлекет басшысы 2020 жылғы Жолдауында кибербуллинге жол бермеу қажеттігін атаған болатын [1].

Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) балаларға қатысты зорлық-зомбылық жөніндегі дүниежүзілік есебінде әлемде әрбір оныншы оқушының мектепте зорлық-зомбылық көретіні және бұл көрсеткіш жыл сайын өсіп келе жатқаны атап өтілген [2]. Қазақстанда БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы Конвенциясы 1994 жылғы 8 маусымда ратификациялаған. Осы Конвенцияға сәйкес, әрбір адам баланың барлық құқықтарын құрметтеуге және қамтамасыз етуге міндетті. Сонымен бірге, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДСҰ) анықтамасы бойынша, зорлық-зомбылық – ол өзіне, болмаса басқа адамға немесе адамдар

тобына бағытталған, денеге зиян келтіретін немесе физикалық күшті қасақана қолдану және нақты немесе қауіп-қатер, психологиялық жарақат, өлім және дамудағы ауытқулар түрінде немесе басқада зақым алып келеді [3].

Қазақстан Республикасының Конституциясының 17-бабының 2-тармағында, ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайтыны жеткізілген [4].

Қазақстан Республикасының әрбір азаматына, оның ішінде балаларға заң бойынша зорлық-зомбылық көрсетілмеуі керек. Әсіресе білім беру ұйымдарында зорлық-зомбылыққа деген мүлдем төзбеушілік болу қажет.

Балаларға қатысты зорлық-зомбылық баланың денсаулығы мен дамуына қауіп төндіреді, физикалық немесе психикалық саулығын бұзатын жағымсыз құбылыс.

Білім беру ұйымдары барлық оқушылар үшін физикалық және эмоционалды қауіпсіз оқу ортасын қамтамасыз етуі керек. Мектепте зорлық-зомбылық жағдайлары кездеседі. Осы зорлық-зомбылықтың бір түрі – оқушылар арасындағы буллинг құбылысы. Мектептегі буллинг – басқа адамдардың құқықтарын бұзатын агрессивті мінез-құлықтың ерекше нысаны ретінде [5] XX ғасырдың 70-жылдарының басында жүйелі зерттеулердің объектісіне айналды [6]. Буллинг үш сипаттамаға ие: бұл қасақана зиян келтіру, ол бірнеше рет және уақыт өте келе жүзеге асырылады, ол биліктің теңгерімсіздігімен сипатталатын қарым-қатынаста болады [7].

Қазақстан Республикасының Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығының ақпараты бойынша, әрбір бесінші жасөспірім буллинг құрбаны немесе қатысушысы болады екен [8].

Буллинг – бұл бір адамның немесе топтың өзін қорғай алмайтын адамға қарсы әртүрлі зорлық-зомбылық және қорлау әрекеттері.

Соңғы жылдары ғалымдар буллинг балалардың сау дамуына және мектептегі зорлық-зомбылықтың ықтимал себебіне үлкен қауіп төндіретінін айтуда. Балалар арасындағы буллинг мектептер мен балалар топтарында жиі кездесетін проблемалардың бірі. Бұл жасөспірімдер арасында суицид қаупін едәуір арттырады, топта және мектепте агрессия мен зорлық-зомбылықтың өршуіне, үлгерімнің төмендеуіне, эмоционалды және невротикалық проблемаларға әкеледі. Жақында әртүрлі елдердің мектептерінде (Ресей, АҚШ және т.б.) оқ атумен байланысты оқиғалар көптеген мамандарды буллинг құбылысы мен оның оқушыларға әсерін мұқият қарастыруға мәжбүр етті.

Мектептегі буллинг мәселесін қарастырғанда, көбіне балалармен жұмыс жасауға назар аударылады. Буллинг жағдайындағы оқушылармен жұмыс жасау өте орынды. Алайда, көп жағдайда педагог-психологтар, сынып жетекшілері, мұғалімдер және басқа мектеп қызметкерлері қалай әрекет ететіндерін біле бермейді. Алдымен маманды осы буллинг жағдайында әрекет етуге және буллингтің алдын алуға даярлау қажет. Соның ішінде, осының барлығы ЖОО -нан бастау керек.

Болашақ педагог-психологті мектептегі буллингтің алдын алуға даярлау маңызды. Себебі, білім беру ортасында буллингтің кең таралуы және мектеп мұғалімдердің буллинг құбылысымен жұмыс істеуге дайын еместігін, олардың нақты құзыреттері және мәселені шешу құралдарының жоқтығын көрсетеді. Бұл мәселеге болашақ мамандарды даярлау барысында назар аударылатын болса, мектептегі буллинг құбылысын, алдын алу тәсілдері мен әдістерін толығырақ зерделеуге мүмкіндік береді.

Болашақ педагог-психолог ретінде нақты буллингтің алдын алу және оны тоқтату бойынша кәсіби қызметтің жүзеге асыруға қажетті құзыреттер кешенін қалыптастыруға немесе жетілдіруге мүмкіндік береді.

Мектептегі буллингтің субъектілері мен объектілері педагог-психолог, мұғалімдер, оқушылар, олардың ата-аналары басқада мектеп қызметкерлері болуы мүмкін.

Білім беру ұйымдарында болатын буллингте, әдетте, күш көрсетуші (буллер, агрессор) және зардап шегуші (құрбан, жәбірленуші) қатар куәгерлер (бақылаушылар) да болады.

Зорлық-зомбылық жағдайларымен бетпе-бет келген кезде білім беру ұйымының барлық қызметкерлерінің (әкімшілік, педагогикалық, көмекші, техникалық) негізгі міндеті, алдымен жәбірленуші үшін оның салдарын азайту болып табылады. Ондай болмаған жағдайда буллингке тап болған оқушыға тигізетін салдары ауыр болады. Буллинг құрбаны ауыр психологиялық жарақат алу мүмкін. Тіпті көп жыл бойы буллинг жағдайын ұмытпайды. Психологтар мектептегі буллингті психикалық зардаптардың ауырлығымен отбасылық зорлық-зомбылықпен салыстыруға болатындығын айтады. Жиі буллингке ұшыраған мектеп оқушысы бұл құбылысқа ұшырамаған оқушыларға қарағанда уайымшыл және өмірлеріне деген қанағаттануы төмен болады [9].

Буллинг құрбанында психосоматикалық бұзылыстар байқалуы мүмкін: жиі бас ауруы, ұйқы және тәбет проблемалары және созылмалы ауруларының асқынуы және т.б. Бұған қоса, депрессиялық бұзылулар, алаңдаушылықтың жоғарылауы, невротикалық көріністер байқалады. Буллингке қатысты ең ауыр жағдай - бұл өзін-өзі өлтіру немесе басқа адамдарға зиянын тигізуі. Бұл жағдайда оқушы мазақ пен қорлауға шыдай алмайды және жарылғыш немесе суық қаруды қолдана отырып, қысым көрсеткендерден кек алуды шешеді.

Білім беру ұйымындағы буллинг көріністері ондағы бар проблемаларды көрсетеді. Зорлық-зомбылық жағдайлары жиі орын алатын мектептерде қолайсыз әлеуметтік-психологиялық ахуал қалыптасады, бұл өз кезегінде буллингтің таралуына және жалғасуына ықпал етеді.

Түрлі себептерге байланысты көптеген оқушылар зорлық-зомбылық немесе үздіксіз буллинг туралы хабарламайды. Сондықтан зорлық-зомбылық фактілерін анықтауда мұғалімдер мен білім беру ұйымының басқа қызметкерлерінің бақылауы, олардың оқушыларға деген ілтипатпен қарауы және олардың мінез-құлқы мен көңіл-күйіндегі келеңсіздік белгілерін дер кезінде байқай білу маңызды рөл атқарады.

Буллинг мәселесінің өзектілігі мектеп оқушыларының бір-біріне қатысты зорлық-зомбылық әрекеттерінің ұлғаюына байланысты болып отыр. Кейбір жағдайларда буллинг немесе мектептегі қысым көрсету категориясынан әлеуметтік-психологиялық мәселе санатына өтеді, ол тек практикалық деңгейде ғана емес, сонымен бірге ғылыми тұрғыда қарастыру деңгейінде де шешімді талап етеді [10].

Буллинг жағдайлары әдетте ашық айтыла бермейді, белгілі бір мектептің мәселесіне қоғамның назарын аудармау үшін үндемейді. Ал буллинг құрбандары көбіне ересектерге шағымданбайды. Сонымен қатар, куәгерлер де буллинг жағдайын жасырып қалады.

Мысалы, 2007 жылдан бастап американдық мектептерде атыс оқиғалары жиілене бастады. Осы жағдайларға байланысты психологтар мен әлеуметтік қызметкерлері АҚШ білім департаментінің қолдауымен атыс болған 37 мектепте бұл мәселеге байланысты ауқымды зерттеу жүргізді. Бұл зерттеу көрсеткендей, атыс шығарған балалардың 75% - ы үнемі қысымға душар болған екен, ал 80% жағдайда сыныптастарының біреуі агрессордың өз әрекеттерін жоспарлағанын білген (қару сатып алған, интернетте хабарламалар немесе өлеңдер жазған және т.б.). Зерттеу негізінде оның әлеуметтік портреті жасалды. Жалпы көп жағдайда агрессорлар ер адамдар болады екен. Зардап шеккендер кездейсоқ болды. Зерттеушілер буллинг бастапқы уақытта анықтау маңызды екенін атап өтті [11].

Ересектер қорлауға тез және дәйекті жауап бергенде, олар бұл қолайсыз екендігі туралы сигнал жібереді. Зерттеулер көрсеткендей, уақыт өте келе бұл агрессивті мінез-құлықты тоқтата алады.

Ата-аналар, мектеп қызметкерлері және қоғамдағы басқа ересектер балаларға буллинг туралы айту, қауіпсіз мектеп ортасын құру және бүкіл қауымдастық ауқымында оның алдын-алу стратегиясын жасау арқылы буллингке төтеп беруге көмектеседі [12].

Флорида университетінің психология профессоры Дороти Эспелаж айтуынша, олар бұған дейін балалардың көзқарастары мен мінез-құлқын өзгерту туралы буллингтің алдын алуға назар аударған, өйткені әлеуметтік-эмоционалды оқытудың көптеген тәсілдері балаларға бағытталған. Алайда уақыт өте келе, зерттеулер мұғалімнің сыныптағы немесе мектептегі қорлауға жауап ретінде [конструктивті] араласуы [мұндай мінез-құлықтың алдын

алуға] оң әсер ететінін көрсеткен. Осындай тұжырымдарға жауап ретінде кейбір жоғары оқу орындары болашақ мұғалімдерге мектепте және сыныпта буллингті тиімді жеңуге көмектесетін қорлау мен сертификаттау бағдарламаларын ұсынады. Колледждер мен университеттер болашақ мамандарды мектеп ортасындағы қорлауды тиімді басқаруға дайындауда маңызды рөл атқара алады. Сонымен қатар, кейбір заң шығарушы органдар осындай мұғалімдерді даярлауды қажет ететін заңдар қабылданған екен [13].

Мектептегі буллингтің алдын алуы оңтайлы болу үшін үнемі назар аударуды қажет етеді. Буллингтің салдары күрделі және оны болдырмау қажет. Сол үшін буллингтің алдын алу мәселесіне ерекше ден қоюды талап етеді.

### Әдебиеттер

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі. Қазақстан халқына Жолдауы. 1 қыркүйек, 2020 ж // [https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses\\_of\\_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek/](https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek/)
2. Pinheiro P.S. World Report on Violence Against Children. 2006. URL: <http://www.unicef.org/violencestudy/reports.html> (датаобращения: 29.03.2020)
3. Насилие и его влияние на здоровье. Доклад о ситуации в мире. ВОЗ, 2003. [http://www.who.int/violence\\_injury\\_prevention/violence/world\\_report/en/full\\_ru.pdf](http://www.who.int/violence_injury_prevention/violence/world_report/en/full_ru.pdf) (датаобращения: 08.04.2020).
4. Қазақстан Республикасының Конституциясы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K95000100/>
5. Olweus D. Bullying at school and later criminality: findings from three Swedish community samples of males. *Criminal Behaviour and Mental Health*. 2011. Vol. 21. № 2
6. Olweus D. *Aggression in the schools: Bullies and whipping boys*. Washington, 1978
7. D. Olweus, *Bullying at school: What we know and what we can do* (Blackwell Publishing, Malden, 1993)
8. Каждый пятый подросток становится жертвой или участником буллинга [Электронный ресурс]. – 2019– URL: <https://www.zakon.kz/5002544-kazhdyu-pyatyy-kazahstanskiy-podrostok/>
9. OECD, [Online]. Available: <https://www.oecd.org/publications/pisa-2018-results-volume-iii-acd78851-en.htm> [Accessed 10 March 2021]
10. Juvonen J., Graham S., Schuster M.A. Bullying among young adolescents: the strong, the week, and the troubled // *Pediatrics*. 2003. № 112. P. 1231–1237
11. Иванова А.К. Буллинг и кибербуллинг как явление образовательной среды: примеры современных исследований проблемы/ А.К. Иванова // Интернет-журнал «Мир науки». - 2018. -№5. -11 с
12. Stop Bullying on the Spot // <https://www.stopbullying.gov/> (датаобращения: 1.04.2022).
13. Schools of Education Have a Role to Play in Preparing Future Educators to Mitigate Bullying. By Kelley Taylor - May 19, 2017. <https://www.insightintodiversity.com/schools-of-education-have-a-role-to-play-in-preparing-future-educators-to-mitigate-bullying/>